ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 қараша №1112-23-00-2/3221 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл Ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СИРИУС-МО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл Ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «СИРИУС-МО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«СИРИУС-МО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«СИРИУС-МО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 648 (алты жүз қырық сегіз) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл

және 1 744 (бір мың жеті жүз қырық төрт) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 30.11.2023

Дата вступления в законную силу: 09.01.2024, судья Нургалиева Г. И., 09.01.2024

1112-23-3-1/3753